апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

18+ № 01/697

08 января 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

## ПРАЗДНИК РОЖДЕСТВА ИЗНАЧАЛЬНО ЗАЛОЖИЛ САМЫЕ ЧИСТЫЕ И ЛУЧШИЕ УСТРЕМЛЕНИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА – АНК

**Пресс-служба Ассамблеи народа Казахстана опубликовала поздравление с праздником Рождества, сообщает Kazpravda.kz.**

**Уважаемые соотечественники!**

Ассамблея народа Казахстана сердечно поздравляет православных христиан и всех казахстанцев со светлым праздником - Рождеством Христовым!



Праздник Рождества изначально заложил самые чистые и лучшие устремления человечества, подарил надежду, изменил культуру и историю. Он оказал огромное влияние на формирование духовно-культурного и нравственного облика современного мира, несмотря на национальные и социальные различия.

В Казахстане православие, наравне с другими традиционными религиями, является одним из важных элементов общественного согласия и единства. Казахстанцы всегда отмечают Рождество в атмосфере добрососедства, взаимопонимания и поддержки.

Мы достигли этого благодаря тому, что за годы Независимости, следуя политике мира и согласия Нурсултана Назарбаева, превратили нашу полиэтничность и поликонфессиональность в стратегическое преимущество, а Казахстан стал местом Съезда лидеров мировых и традиционных религий.

Модель "Единство в многообразии" остается важным фактором успешного развития государства.

Опираясь на традиционные казахстанские ценности, мы строим будущее на принципах мира и согласия, уважения и справедливости.

**Дорогие сограждане!**

Поздравляем всех, кто встречает этот прекрасный праздник. Пусть Ваш дом наполняется радостью, теплотой и уютом! В этот радостный день желаем Вам крепкого здоровья, счастья и успехов во всех добрых начинаниях!

**Ассамблея народа Казахстана**

**Источник: www.kazpravda.kz**

## ПОЗДРАВЛЕНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА С ПРАЗДНИКОМ РОЖДЕСТВА

**Пресс-служба Президента Республики Казахстан распространила текст поздравления Главы государства Касым-Жомарта Токаева с праздником Рождества, передает Kazpravda.kz.**

**Дорогие соотечественники!**



Сердечно поздравляю всех православных с Рождеством Христовым!

Этот светлый праздник олицетворяет собой многовековые традиции добра, милосердия, любви и заботы о ближнем. Он содействует укреплению духовно-нравственных ценностей и межконфессионального согласия в стране.

Православные христиане наряду с представителями других вероисповеданий вносят большой вклад в развитие государства и единение нашего народа.

Вместе мы сделаем Казахстан еще сильнее.

Желаю всем крепкого здоровья, мира и благополучия!

Пусть этот замечательный праздник принесет счастье и радость!

**Источник: www.akorda.kz**
*07.01.2021 г.*

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті қала тұрғындары!**

Православиелік христиандар мен бүкіл қалалықтарды үлкен де нұрлы мереке — Христос Рождествосымен шын жүректен құттықтаймыз!

Діндарлар бұл мерекені жоғары рухани шаттық сезімімен және болашаққа ізгі үмітпен қарсы алады. Ол игі істер тындыруға ұмтылыста адамдарды топтастырады, қоғамымыздың адамгершілік негіздерін нығайтады, адамдардың татулық пен келісімде өмір сүруге ұмтылысын қолдайды. Көпұлтты еліміздегі мәдениет пен діннің өзара үндесуін әлемдік қоғамдастық орынды түрде өнеге ретінде танып отыр.

**Қымбатты жерлестер!**

Сіздерге шын ниетімізбен мықты денсаулық, бақыт, татулық және құт-береке тілейміз!

Рождество құтты болсын!

**Қала әкімі** **Қ.Камзин**
**Мәслихат хатшысы** **Б.Сәрсембеков**

## ПОЗДРАВЛЯЕМ!

**Уважаемые жители города!**

Искренне поздравляем православных христиан и всех казахстанцев со светлым праздником Рождества Христова!

Неизменно на протяжении многих столетий этот праздник наполняет сердца людей самыми высокими чувствами — любви к ближнему и милосердия, несет мир и добро, благие помыслы и дела. Эти вечные духовные ценности объединяют представителей всех религий. Они являются прочной основой развития и всех достижений Казахстана. Празднование Рождества связано с гуманизмом и добрыми поступками. Это важно для всего нашего народа, который всегда ставил на главенствующее место традиции взаимопомощи и взаимоуважения.

**Дорогие земляки!**

В этот добрый праздник желаем Вам всем мира и любви, счастья, благополучия и процветания!

**Аким города** **К. Камзин**
**Секретарь маслихата** **Б. Сарсембеков**

## В МИНТРУДА НАЗВАЛИ ВОЗРАСТ И СУММЫ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ДЛЯ ИХ СНЯТИЯ

***Новое в законодательстве***

**Согласно закону «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста», с 1 января 2021 года граждане получают право использования части пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий, лечения, не входящего в гарантированный объём бесплатной медицинской помощи и обязательного социального медицинского страхования, а также для передачи в инвестиционное управление частным управляющим компаниям.**




Пенсионные накопления могут быть использованы гражданами неограниченное число раз в пределах суммы пенсионных накоплений в ЕНПФ, доступной для изъятия на жилье, лечение или перевод управляющим компаниям.

Правом использования части своих пенсионных накоплений на целевые нужды смогут воспользоваться:

-граждане, не достигшие пенсионного возраста, имеющие пенсионные накопления, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов (ОПВ) и обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ). Право на целевое использование будет предусмотрено для граждан, имеющих накопления, превышающие определенный порог достаточности. Последнее будет определяется для каждого возраста отдельно.




-состоявшиеся пенсионеры (включая пенсионеров из числа силовых структур) – в пределах не более 50% оставшейся суммы пенсионных накоплений в ЕНПФ. При условии, что совокупный размер их пенсии (включая пенсию по возрасту или выслуге лет, базовую пенсию) обеспечивает замещение утраченного дохода на уровне, соответствующем международным стандартам (не менее 40%).

-лица, заключившие договоры пенсионного аннуитета со страховыми компаниями, обеспечивающие им пожизненные аннуитетные выплаты.

Порядок изъятия части пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий разработан и утвержден Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК.

Порядок изъятия части пенсионных накоплений на лечение разработан и утвержден Министерством здравоохранения РК.

**Источник: https://www.enpf.kz/ru**

## САЙЛАУ-2021

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАУ КЕЗІНДЕ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

*(Арнаулы уақытша шот ашу және сайлау қорының қаражатын жұмсау қағидаларының 23-тармағына сәйкес)*

*2021 жылғы 03 қаңтардағы жағдай бойынша*

| № | Іс-шаралардың атауы | Саяси партиялардың атаулары | | |
|---|---|---|---|---|
| | | "NUR OTAN партиясы " қоғамдық бірлестігі" | Қазақстанның "Ақ жол" демократиялық партиясы | "ADAL" саяси партиясы |
| 1 | **Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:** | **3433211,00** | **200000,00** | **38500,00** |
| 1.1 | "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес саяси партияның өз қаражаты | **3433211,00** | **0** | **38500,00** |
| 1.2 | "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары | **0** | **200000,00** | **0** |
| 2 | Сайлау қорының саяси партиялар жұмсаған қаражатының барлығы, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға, кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге, баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды дайындауға | **2375243,46** | **200000,00** | **38500,00** |

**Приозерск қалалық сайлау комиссиясы**

*"Қазақстан Халық Жинақ Банкі" Акционерлік қоғамының деректері негізінде*

## ВЫБОРЫ-2021

# ОТЧЕТ О ПОСТУПЛЕНИИ И РАСХОДОВАНИИ СРЕДСТВ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ФОНДОВ ПРИ ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПАРТИЙНЫМ СПИСКАМ

*( в соответствии с п.23 Правил открытия специального временного счета и расходования средств избирательного фонда)*

*По состоянию на 03 января 2021 года*

| № | Наименования мероприятий | Наименования политических партий | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Общественное объединение "Партия NUR OTAN" | "Демократическая партия Казахстана "Ак жол" | Политическая партия "ADAL" |
| 1 | **Всего поступлении средств в избирательный фонд политических партий, в т.ч.:** | **343321,00** | **200000,00** | **38500,00** |
| 1.1 | Собственные средства политической партии, согласно пп.1 п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан" | **3433211,00** | **0** | **38500,00** |
| 1.2 | Добровольные пожертвования граждан и организаций Республики Казахстан, согласно пп.2 п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан" | **0** | **200000,00** | **0** |
| 2 | **Всего израсходованно средств избирательного фонда политическими партиями** на выпуск и распространие печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов, оплату юридических и физических лиц по организации агитационной работы, организацию и проведение публичных предвыборных мероприятий, на покрытие транспортных и командировочных расходов кандидатов, включенных в партийные списки, доверенных лиц политических партий, связанных с предвыборной агитацией, выступления в любых зарегистрированных средствах массовой информации, изготовление печатных материалов, а также других знаков и символов для избирательной кампании. | **2375243,46** | **200000,00** | **38500,00** |

**Приозерская городская избирательная комиссия**

*на основании данных Акционерного Общества “Народный Сберегательный банк Казахстана”*

# ПРАВИЛА ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ “ВЫДАЧА РЕШЕНИЯ НА ИЗМЕНЕНИЕ ЦЕЛЕВОГО НАЗНАЧЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА”

*К сведению населения*

**Порядок оказания государственной услуги**

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами областей, городов республиканского значения, столицы, районов и городов областного значения, акимами города районного значения, поселка, села, сельского округа (далее – услугодатель).

Для получения государственной услуги физические и юридические лица (далее – услугополучатель) посредством портала услугодателю направляют:

1)заявление об изменении целевого назначения земельного участка по форме в форме электронного документа, удостоверенного ЭЦП услугополучателя;

2)электронную копию акта кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка, при изменении его целевого назначения, в случае необходимости выплаты в доход бюджета сумму, равную кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка, выплаты в бюджет суммы, равную разнице между кадастровой (оценочной) стоимостью согласно пункту 5 статьи 9 Кодекса.

Истребование от услугополучателей документов, которые могут быть получены из информационных систем, не допускается.

Сведения о документе, удостоверяющем личность, о регистрации (перерегистрации) юридического лица, о регистрации индивидуального предпринимателя, либо о начале деятельности в качестве индивидуального предпринимателя, подтверждающем право собственности на недвижимое имущество, о правоустанавливающих и идентификационных документов на земельный участок, об отсутствии обременения на земельный участок, истребываются услугодателем из соответствующих государственных информационных систем через шлюз "электронного правительства".

Услугополучателю в личный кабинет направляется статус о принятии запроса на оказание государственной услуги, а также уведомление с указанием даты и времени оказания государственной услуги.

Сотрудник канцелярии услугодателя осуществляет прием, регистрацию документов и передает их руководителю услугодателя, либо лицу, его замещающему, в день приема заявления.

В случае обращения услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, прием документов и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются следующим рабочим днем.

В случае представления услугополучателем неполного пакета документов, и (или) документов с истекшим сроком действия, услугодатель в течение 1 (одного) рабочего дня готовит отказ в приеме заявления и направляет уведомление в личный кабинет услугополучателя в форме электронного документа, подписанного ЭЦП уполномоченного лица услугодателя.

Руководитель услугодателя либо лицо, его замещающее, ознакамливается с содержанием документов, налагает резолюцию и в течение 1 (одного) рабочего дня направляет заявление об изменении целевого назначения земельного участка в уполномоченный орган по земельным отношениям либо в структурное подразделение в сфере архитектуры и градостроительства, в пределах компетенции.

Ответственный исполнитель уполномоченного органа по земельным отношениям либо структурного подразделения в сфере архитектуры и градостроительства, в пределах компетенции в течение 1 (одного) рабочего дня со дня поступления заявления определяет возможность использования земельного участка по заявленному целевому назначению и направляет его на согласование одновременно всем заинтересованным государственным органам, соответствующим службам по инженерному и коммунальному обеспечению.

Согласующие органы в течение 3 (трех) рабочих дней представляют соответствующие заключения о возможности использования земельного участка по заявленному целевому назначению.

Ответственный исполнитель уполномоченного органа по земельным отношениям либо структурного подразделения в сфере архитектуры и градостроительства, в пределах компетенции, в течение 1 (одного) рабочего дня со дня поступления заключений подготавливает предложение о возможности использования земельного участка по заявленному целевому назначению.

Ответственный исполнитель уполномоченного органа по земельным отношениям подготавливает материалы на рассмотрение земельной комиссии.

Заключение земельной комиссии составляется в двух экземплярах в форме протокольного решения в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента поступления в земельную комиссию предложения о возможности изменения целевого назначения земельного участка.

Ответственный исполнитель уполномоченного по земельным отношениям либо структурного подразделения в сфере архитектуры и градостроительства, в пределах компетенции, в течение 1 (одного) рабочего дня с момента поступления соответствующего заключения земельной комиссии подготавливает соответствующее решение услугодателя.

В случае принятия решения (распоряжение) акимами города районного значения, поселка, села, сельских округов, заключение земельной комиссии направляется в канцелярию услугодателя.

Решение услугодателя об изменении земельного участка либо о мотивированном отказе в оказании государственной услуги принимается в течение 2 (двух) рабочих дней с момента поступления соответствующего заключения земельной комиссии.

Сотрудник канцелярии услугодателя направляет посредством портала в личный кабинет услугополучателя соответствующее решение в форме электронного документа, подписанного ЭЦП уполномоченного лица услугодателя.

Услугодатель обеспечивает внесение данных в информационную систему мониторинга оказания государственных услуг о стадии оказания государственной услуги.

В случае сбоя информационной системы, услугодатель незамедлительно уведомляет сотрудника структурного подразделения услугодателя, ответственного за информационно-коммуникационную инфраструктуру.

В этом случае, ответственный сотрудник за информационно-коммуникационную инфраструктуру составляет протокол о технической проблеме и подписывает его услугодателем.

Основаниями для отказа в оказании государственной услуги являются:

1)установление недостоверности документов, представленных услугополучателем для получения государственной услуги, и (или) данных (сведений), содержащихся в них;

2)несоответствие услугополучателя и (или) представленных материалов, данных и сведений, необходимых для оказания государственной услуги, требованиям, установленным пунктом 5 статьи 9 и пунктом 3-2 статьи 97 Кодекса;

3) отрицательный ответ согласующих органов на запрос о согласовании, который требуется для оказания государственной услуги согласно пункту 5 статьи 49-1 Кодекса.

**ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»**

САЙЛАУ-2021

# ҮГІТ-НАСИХАТ КОМПАНИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ БРИФИНГ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеу жариялап, тиісті Жарлыққа сәйкес, Мәжіліс және маслихат сайлауы 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді деп бекітілді.**



2020 жылдың 8 қаңтары күні "Nur Otan" партиясы Приозерск қалалық сайлауалды штабының жабылу шарасы өтті. Жабылу салтанатына қалалық штаб мүшелері қатысты. Жабылу салтанатында «Nur Otan» партиясы Приозерск қалалық сайлауалды штабының төрағасы Д.О.Дүйсембаев сөз сөйлеп, штабтың іс-шараларының желілік кестесіне сәйкес халықтың әр түрлі топтарын қамтитын нақты іс-шаралар өткізілгенін айтты. Іс шараларды өткізу барысында эпидемиологиялық жағдай ескерілгенін, барлық қауіпсіздік ережелері сақталғандығы жайлы және бірқатар іс-шаралар онлайн режимінде өткенін атап өтті.

Штабтың іс-шараларының желілік кестесі бойынша «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын қала тұрғындарына түсіндіру мақсатында 27 кездесу, 14 «Есіктен есікке» акциясы, 13 «Экспромт кездесу», 11 «Қоғамдық қабылдау», 6 «Канвассинг», бірнеше акциялар мен үгіт-насихат материалдарын ілу шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер кездесу барысында «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының жеті басымдықтарына тоқталып, қаламыздың экономикалық даму бағдарламасы, туризмді дамыту, тұрғындарды жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту және халықтың әл-ауқатын көтеру бағыттары бойынша жоспарларды талқылады.

«Есіктен есікке» акциясы аясында "Nur Otan" партиясының сенімді өкілдері мен «Jas Otan» Жастар Қанатының мүшелері қала тұрғындарына үгіт-насихат жұмысы бойынша буклеттер беріп, сайлауалды бағдарламасының 2025: 17 басымдығы және Приозерск қаласы бойынша "Nur Otan" партиясының сайлауалды бағдарламасының кітапшаларын таратты.

Приозерск қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер «Аль-Сафи», «Юбилейный», «Центральный» және «Жұлдыз» дүкендерінде, сонымен қатар «24 сағат» дәріханаларында «Экспромт-кездесу» аясында қала тұрғындарымен кездесті. Үміткерлер қала тұрғындарына «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын түсіндіріп, бағдарламаға сәйкес буклеттер таратты.

Сонымен қатар партияның сенімді өкілдері мен үміткерлері қала тұрғындарына «Қоғамдық қабылдау» жүргізіп, қаламыздың құрметті азаматтарымен «Канвассинг» форматында кездесу өткізді.

Жабылу салтанатының соңында «Nur Otan» партиясының Приозерск қалалық сайлауалды штабының төрағасы Д.Дүйсембаев штаб мүшелеріне сайлауалды компаниясы аясындағы жұмыстары үшін шынайы алғысын білдірді.

**«Nur Otan» партиясының Приозерск қалалық сайлауалды штабы**

*Үгіттік материал 2020-жылдың 10-желтоқсанындағы № 116-7-2-2 келісім-шартқа сәйкес «Нұр Отан» партиясы» ҚБ» Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының депутаттарын сайлауындағы Сайлау қорынан төленді*

ВЫБОРЫ-2021

# БРИФИНГ О ЗАВЕРШЕНИИ АГИТАЦИОННОЙ КОМПАНИИ

**Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев выступил с обращением о назначении выборов депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов, в соответствии с которым, согласно Указу, выборы в Мажилис и маслихаты состоятся 10 января 2021 года.**

8 января 2020 года состоялось закрытие Приозерского городского предвыборного штаба партии "Nur Otan". На брифинге закрытия присутствовали члены городского штаба. Также выступил председатель Приозерского городского предвыборного штаба партии «Nur Otan» Д.О.Дюсембаев, который сообщил, что в соответствии с сетевым графиком мероприятий штаба проведены конкретные мерориятия, охватывающие различные слои населения. Он отметил, что в ходе проведения мероприятий была учтена эпидемиологическая ситуация, соблюдены все правила безопасности и ряд мероприятий прошел в режиме онлайн.



По сетевому графику мероприятий штаба в целях разъяснения жителям города предвыборной программы партии «Nur Otan» организовано и проведено 27 агитационных встреч с жителями города, 14 - акций «От двери к двери», 13 - «Экспромт встреч», 11- «Общественная приемная», 6- «Канвассинг», несколько акции и развешивание агитационных материалов.

В ходе встречи кандидаты в депутаты Приозерского городского маслихата остановились на семи приоритетах предвыборной программы партии «Nur Otan", обсудили планы по программе экономического развития города, развития туризма, занятости населения, развития предпринимательства и повышения благосостояния населения.

В рамках акции «От двери к двери» доверенные лица партии «Nur Otan» и члены Молодежного крыла «Jas Otan» раздали жителям города буклеты по агитационной работе, брошюры предвыборной программы партии" Nur Otan " по приоритетности предвыборной программы 2025: 17 и по городу Приозерск.

Кандидаты в депутаты Приозерского городского маслихата встретились с жителями города в рамках «Экспромт-встречи» в магазинах «Аль-Сафи», «Юбилейный», «Центральный» и «Жулдыз», а также в аптеке «24 часа». Кандидаты разъяснили горожанам предвыборную программу партии "Nur Otan" и раздали буклеты в соответствии с программой.

Кроме того, доверенные лица и кандидаты партии провели «Прием граждан» для жителей города и провели встречу с почетными гражданами нашего города в формате «Канвассинг».

В завершение брифинга закрытия председатель Приозерского городского предвыборного штаба партии "Nur Otan" Д.Дюсембаев выразил искреннюю благодарность членам штаба за хорошую работу в агитационной компании.

**Приозерский городской предвыборный штаб партии «Nur Otan»**

*Агитационный материал оплачен согласно Договора №116-7-2-2 от 10.12.2020 г. из Избирательного фонда ОО "Партия "Нур Отан" на выборах депутатов Приозерского городского маслихата Карагандинской области*

# БӘРІ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

*«Бір отбасы - бір кітап» акциясы*

**Болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті де білімді болуы, ең алдымен, ата-анадан, отбасы-ошақ қасынан басталады. Дана қазақтың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген аталы сөзі де бекер айтылмаған.**

Дүние есігін ашқан әрбір баланы ең бірінші көріп, танитын да оның ата-анасы, бір ата-анадан туылған бауырлары. Демек, баланың рухани дамуына да әсер ететін отбасылық психологиялық ахуалынан бөлек жанұядағы тәрбиелеу стилінің де маңызы зор болмақ. Қоғамда отбасылық оқу, талдау, түйінді ой айту, пікірлесу әрбір отбасының кредосына айналғанда, баланың тұлғалық ерекшелігі артатынын ұлтымыздың болашағын ойлайтын мұғалімі мен ата-аналарға жауапкершіліктің еселенетіні де сөзсіз.



Бүгінгі жаһандану үрдісі етек алып жатқанда, кез келген мектеп пен ұстаздар қауымы бала бойында ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу міндетін көздейді. Мектептегі іс-шаралар да жоспарланып, отбасындағы кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыртуға көшті.

Қазан айынан бастап, Қарағанды облысы білім басқармасы мен білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығының бастауымен, сондай-ақ, қалалық білім бөлімінің тапсыруымен «Бір отбасы – бір кітап» акциясы қарсаңында мектепте сынып жетекшілердің тобы ұйымдастырылып, бекітілген жоспар таныстырылды.

Жоспар негізінде жүзеге асқан іс-шаралардың барлығы тікелей сынып жетекшілердің қолға алуымен желілік Фейсбук, инстаграм парақшаларына жүктеліп отырды. Солардың ішінде кейбіреулеріне ғана тоқталып отырмын. Ал, негізінде, «Бір отбасы – бір кітап» акциясының бастау алғанынан осы күнге дейін желілік парақшаларға отызға жуық іс-шаралар жарияланыпты. Соның бірі 5-7 сынып оқушылары мен жетекшілері. «Досыңа кітап сыйла» Челлендж. 7-8 сынып оқушыларының отбасыларымен Абай поэмаларындағы кейіпкерлер бейнесін жасау, 9-10-сынып оқушылары және отбасылары «Абай қара сөздеріндегі адамгершілік тәрбиесі» тақырыптарында шаралар өткізілді.

Педагог, ақын, әдебиеттанушы М.Жұмабаев: «Әрбір тәрбиеші сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиені сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп орынды айтқан. Өйткені «Бір отбасы – бір кітап» акциясының мақсатында да рухани адамгершілік, патриотизм мен отбасылық оқу мәдениеті, өскелең ұрпақтың бойында ұлтжандылық қасиеттерді сіңіру, сондай-ақ, өнерге деген көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастастыру бағыттары орын алған.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі болғандықтан, аталмыш бағыттарды негізге ала отырып, қазақ түгіл бүкіл әлемге танымал ұлы Абай Құнанбаевтың шығармашылығын дәріптеп, ұлттық құндылықтарды паш ету жас ерекшелігіне сай мектеп оқушыларына жүктелді. Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай, ата-аналар көмитетінің көмегімен әрбір сыныптың ата-аналары балаларымен бірге жұмылдырылып, өздерін рухаи дамытуда көптеген жетістіктерге қол жеткізді.



Ұлттық болмысымыз бен мәдениетімізді қастерлей отырып, ғұлама Абай атаанаға бала бойына: зейін, өнер, талап, жігер, қайрат, білімді секілді қасиеттерді құю керектігін атап көрсеткен.

Іс-шараларды өткізу барысында отбасы педагогикасынан байқағанымыз, жанұядағы отбасы мүшелерінің татулығы, білім сабақтастығының үйлесімділігі еді. Осының нәтижесінде Облыстық «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты тақырыптағы байқау ұйымдастырылды. Байқаудың 4 бағытына екі мектептен бірнеше отбасы қатысты, 3 бағыттан біздің 3 отбасы атап айтсақ, Булатовтар отбасы, Ерғалиевтар отбасы, Жұматай отбасы қатысты. Бұл отбасылар өздеріне жүктелген міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып, көрермен көзайымына айналды. Ал, Ерғалиевтер отбасы байқаудың облыстық кезеңінде қанжығасына жүлделі 2 орынды байлады.

«Бір отбасы – бір кітап» акциясы бастау алғалы бері біздің оқушыларымыз бен ата-аналарының арасында тығыз байланыс орнап, отбасы мүшелерінің кітапқа деген сүйіспеншілігі артпаса, кемімеді. Жанұялық оқу мәдениетін қалыптастырып, дұрыс жолға қоюды көздеген аталмыш акцияның біз, оқырман қауымға берері көп болды. Бос уақытында әдеби кітаптарды оқуды жоспарлап, бірге талқылап, одан нәтиже шығаруды үрдіске айналдырайық. Өйткені, барлық игі істер, бәрі-бәрі де отбасынан басталады.

**М.Х.Хизирова,**
***қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. Приозерск қаласы. №1 ЖОББМ***

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 28 қазандағы № 268-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес «Өсімдіктерді қорғау туралы» ҚР 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңының 14-5, 15-1, 20-баптарына өзгертулер енгізілген болатын. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік фитосанитариялық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің негізінде тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады. Жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органның ведомствосына есептілікті табыс етуге міндетті болып табылады. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымдарын орындауға, өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспекторларға олардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын орындауына жәрдемдесуге міндетті. Өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері бойынша пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдікті және өндірістік) сынақтары пестицидтерді тіркеушілердің (өтініш берушілердің) қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын іс-шаралар өз қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамасы бойынша залалсыздандырылады және ауыл шаруашылық өнімін пестицидтердің қалдық мөлшерінің бар-жоғы тұрғысынан талдау және оған сараптама жасалынады.

Жоғарыда аталған «Өсімдіктерді қорғау туралы» ҚР 2002 жылғы 3 шілдедегі N 331 Заңының баптарына енгізілген өзгерістерге орай зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің пайда болуы мен таралуының болдырмауға ауыл шаруашылық тауар өндірушілері тікелей жауапты екенін ескертеді. Туындаған сұрақтар болса Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазпошта ғимараты) 2 этажда орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына мына телефон бойынша 8(71039)5-40-06 хабарласуларыңызға болады.

**Сабденбекова Г.К.,**
***ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы***

# ҚАЙТЫС БОЛУДЫ ТІРКЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІҢ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ҮРДІСІН ПИЛОТТЫҚ РЕЖИМДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 12 қазанынан бастап Қазақстан Республикасының барлық аумағында қайтыс болуды тіркеуге қатысты қызметтерді көрсетудің оңтайландырылған үрдісі пилоттық режимде іске қосылды.**

Пилоттық жобаның жүргізілуі кезеңінде:

-медициналық мекемелермен өлім туралы, перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктерді қағаз түрінде беру алып тасталынды;

-қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу кезінде азаматтармен өлім туралы, перинаталдық өлім туралы медициналық куәліктерді қағаз түрінде, қайтыс болған адамның жеке басын куәландыратын куәліктерді, әскери куәлікті міндетті түрде ұсыну алып тасталынды;

-ақпараттық жүйелердің интеграциясы арқылы өлім туралы, перинаталдық өлім туралы электрондық медициналық куәлік түскеннен кейін, қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

-қайтыс болған азаматтарға қатысты қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық хабарламаларды «электрондық үкімет» порталында тексеріп, алуға болады;

-қайтыс болған адамды жерлеу, жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақыны төлеу, қайтыс болған адамның жарналарын алу, мұраны ресімдеу және басқа да қызмет түрлерін көрсету кезінде, азаматтардың өлімі туралы, перинаталдық өлімі туралы медициналдық куәліктерді, қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді міндетті түрде ұсыну талабы алынып тасталды, бұл ретте қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер ақпараттық жүйелердің интеграциясы арқылы не қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық хабарламаларды «электрондық үкімет» порталында тексеру арқылы алынады.

**Приозерск қаласы әкімі аппаратының АХАТ бөлімі**

# О ПИЛОТНОМ РЕЖИМЕ ОПТИМИЗИРОВАННОГО ПРОЦЕССА ПРИ ОКАЗАНИИ УСЛУГ, СВЯЗАННЫХ С РЕГИСТРАЦИЕЙ СМЕРТИ

**По заданию Президента Республики Казахстан от 12 октября текущего года на всей территории Республики Казахстан началось осуществление в пилотном режиме оптимизированного процесса при оказании услуг, связанных с регистрацией смерти.**

На период проведения пилотного проекта:

-исключено выдача медицинских свидетельств о смерти и перинатальной смерти в бумажном виде медицинскими учреждениями;

-исключено предоставление гражданами медицинских свидетельств о смерти и перинатальной смерти в бумажном виде, документа, удостоверяющего личность и военного билета умершего при государственной регистрации смерти;

-государственная регистрация смерти осуществляется в течение 1 рабочего дня после поступления электронного медицинского свидетельства о смерти и перинатальной смерти посредством интеграции информационных систем;

-электронные уведомления о государственной регистрации смерти умерших граждан можно получить на портале «электронного правительства»;

-исключено требование в части обязательности предоставления гражданами медицинских свидетельств о смерти и перинатальной смерти, свидетельств о государственной регистрации смерти при захоронении умерших, назначении единовременной выплаты на погребение, получении пенсионных накоплений умершего лица, оформлении наследства и других видов услуг, при этом сведения об умерших лицах получать посредством интеграции информационных систем, либо посредством проверки электронных уведомлений о государственной регистрации смерти на портале «электронного правительства».

**Отдел РАГС аппарата акима города Приозерск**

*Бала тәрбиесі - баршаға ортақ*

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУ

Жалпы білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі, әрі алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланы мектепке дайындауда, олардың дербес қасиеттерінің жетілуіне негіз қалау, мектеп өміріне, күн режиміне, оқу ісіне бейімделуін жүзеге асыру көзделеді. Бұл орайда балабақша тәрбиешілері балаларға мектеп өмірі жайында мағлұмат бере отырып, оқуға, білім алуға қызығушылығын арттыруға баса назар аударып, қарапайым білім негіздерімен тәрбиелеуді басты мақсат етіп алады.

Ол үшін тәрбиеші нақты бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, жаңашыл ізденіспен, оқу қызметінің әрбір бөлімдерінде балалардың сөздік қорының байып отыруына ықпал жасауы қажет. Баланың ойлануына, өздігінен әрекет етуіне бағыт беріп, ой еңбегіне де, дене еңбегіне де күш түспейтіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Баланың сөздік қорын молайту бағытында әңгімелесу, әңгімелету, әрекеттік бағыттар, сурет бойынша сипаттау, баланың өздігінен ойлануына, пікір білдіруіне, өз ойын ортаға салуға бағыттайтындай болуы керек. Баланың сөздерді байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру үшін жаңа сөздің мәнін түсіндіріп, белсенді сөздік қорын арттыру қажет. Бұрын меңгерген сөздерді қажетіне қарай пайдалана білу баланың сөздік қорын тереңдетеді.

Байланыстырып сөйлеуді дамытуда сөздік жұмысы, сөйлем, әңгіме құрастыру жүргізіледі, әр ұйымдастырылған оқу қызметіне мемлекеттік жаңа стандарт бойынша қатынас, таным, шығармашылық, әлеуметтік бағытын да басты назарда ұстаған дұрыс. Әсіресе ертегіні сахналау, сурет бойынша әңгіме құрастыру, бақылаған көріністерді жүйелі әңгімелей білуі жүзеге асырылады. Сөздік қорын байытуда және байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру үшін диалогтік сөйлеу балалардың анық және мәнерлі сөйлеуін қамтамасыз етеді. Бұл отбасында, ойында жолдастарымен қарым-қатынаста, өмірдегі іс-әрекетте жүзеге асырылады. Балаларды басқаларды тыңдай білуге, әңгімелесу кезінде сұраққа дұрыс жауап беруге ықпал жасайды.

**Зауре Бухарбаева,**
***«Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі***

# ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ


**"Ломбард Garant T" ЖШС** сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2021 жылғы 23 қантарда сауда-саттық жүргізілетінін мына мекенжай бойынша хабарлайды: **Приозерск қаласы, Балхашская көшесі - 4; сағат 12.00-ден 14.00 дейін. Телефон: 8(771)466-37-37.**

**О.А.Мун-Хусаинова,**
**"Ломбард Garant T" ЖШС директорының м. а.**

**ТОО "Ломбард Garant T"** сообщает о проведении торгов невыкупленного залогового имущества 23 января 2021 года по адресу: **город Приозерск, улица Балхашская - 4 . Время торгов с 12.00час. до 14.00час. Телефон: 8(771)-466-37-37.**

**О.А.Мун-Хусаинова,**
**И.О. директора**
**ТОО" Ломбард Garant T"**


## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Койшыбаевой Анаргуль Турсынгазыевны,**
умершей 15 июля 2020 года.
Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б.
по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б,
тел. 8-775-1627005


**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 01/697. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**



*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*